

МЕДИЦИНА ҒЫЛЫМДАРЫНЫҢ ДОКТОРЫ, ПРОФЕССОР М.А. АЙҚЫМБАЕВТЫҢ ӨМІР ЖОЛЫ МЕН ҒЫЛЫМИ МҰРАСЫ



КСРО ДМ Ортазиялық обаға қарсы ғылыми-зерттеу институтының директоры, м.ғ.д., профессор, Масғұт Айқымбайұлы Айқымбаев (1962–1987 жж.)

Масғұт Айқымбайұлы Айқымбаев – көрнекті біртуар ғалым, денсаулық сақтау және ғылым саласындағы үлкен ұйымдастырушы, аса қауіпті жұқпалардың эпизоотологиялық және эпидемиологиялық заңдылықтарын және аурудың алдын – алуын зерттеуге ауқымды үлес қосқан. Қазақстанда туляремияны зерттеу тарихының айшықты беттері осы ғалымның есімімен байланысты.

М.А. Айқымбаев 1916 жылы 31 желтоқсанда Семей облысы, Жаңа-Семей ауданы Көкен ауылсоветінде (қазіргі Знаменка ауылы) дүниеге келген. 1940 жылы Масғұт Айқымбайұлы Алматы медицина институтын үздік бітіріп, сол жылы әскери міндетін жедел түрде өтеу үшін армияға шақырылған болатын. 1940-1947 жылдар аралығында қатардағы жауынгерден Шығыс фронтының гвардиялық атқыштар дивизиясының 5-ші полкінің аға дәрігеріне дейін көтеріліп, Кеңес Армиясында әскери борышын өтеді. 1943 жылы Курск доғасы шайқасына қатысып, үшінші рет ауыр жаракат алып, алты ай емделгеннен кейін, Челябинск (Ресей) қаласына танк полкінің санитарлық қызметінің басшысы қызметін атқаруға жіберілді.

Сол шайқаста алған оқ жарқыншақтарының денесінің бес жерінде мықтап орныққаны соншалықты, М.А. Айқымбаев 1976 жылы «Вечерняя Алма-Ата» газетінің тілшісіне берген сұхбатында, соғыстан кейінгі жылдарда да: «Жаралар еске алумен ауырады» деген болатын. 1947 жылы әскерден қайтқан Масғұт Айқымбайұлы отбасымен Қазақстанға көшіп келіп, 1949 жылға дейін Семей қаласында аудандық денсаулық сақтау бөлімінің меңгерушісі, кейін емдеу орталығының бас дәрігері болып еңбек етті. 1949 жылы конкурстан өтіп, КСРО ДМ Ортазиялық обаға қарсы ғылыми-зерттеу институтының кіші ғылыми қызметкері атанады. Бұл көп жылдық жемісті ғылым жолының бастамасы болып табылды.

Қазақстан аумағында туляремияның табиғи ошақтары бар екені бұрыннан белгілі болған. Республикада ресейлік және қазақстандық мамандар 1928-1950 жылдар аралығында туляремия ауруының эпидемиологиясы мен эпизоотологиясы бойынша жүргізген зерттеулер жүйесіз болды және олар Қазақстандағы туляремияның табиғи ошақтарының ерекшеліктері туралы толық мағлұмат бермеді. Институттың алдына аурудың алдын алу шаралар жүйесін дайындау үшін Қазақстан аумағындағы туляремияның табиғи ошақтарының ерекшеліктері мен құрылымын зерттеу мақсаты қойылды.

1950 жылы М.А. Айқымбаев туляремия зертханасының меңгерушісі болып тағайындалды. Ондаған жылдар бойы М.А. Айқымбаев туляремияның таралуы мәселесімен, оның табиғи ошақтарының эпидемиялық әлеуетін төмендету жолдарын іздестірумен айналысқан. 1950–1959 жылдары Қазақстанда туляремиямен ауырған 47 000 аса адам тіркелген болатын. 1950 жылдан бастап Қазақстанның туляремия бойынша эндемиялық аудандарында жоспарлы түрде адамдарды вакцинациялау жүргізіле басталды. Сол жылдары Қазақстанда туляремияны эпидемиологиялық бақылаудың негізі қалыптастырылды. 60-шы жылдардан бастап аурулардың саны бірлі-жарым және шағын топқа дейін төмендеген болатын. Ауруды жұқтыру қауіпін төмендету үшін дайындалған әдістемелік тәсілдер мен қазіргі кездегі туляремияның табиғи ошақтарын бақылау мен бағалауға сәйкес бүгінгі таңда республикада аурудың бірен-саран ғана кездесетін, тұрақты емес деңгейі сақталуда.

1956 жылы Масғұт Айқымбайұлы медицина ғылымдарының кандидаты ғылыми дәрежесін алу үшін «Қазақ ССР Талдықорған облысында туляремияның ошақталуының негізгі факторлары» тақырыбында диссертация қорғады. 1965 жылы профессор М.А. Айқымбаев Берджи халықаралық микроорганизмдер классификаторына (Bergey's Manual of Systematic Bacteriology, 2nd Edition. 2004, P. 88) кірген туляремия қоздырғышының жаңа – *Francisella tularensis mediaasiatica Aikimbayev* түршесін ашты. Қазіргі кезде Ресей, АҚШ, Швеция, Франция, Чехия, Германия, Түркия, Қытай және әлемнің басқа да елдерінің зертханалары Солтүстік Америкада таралған *Francisella tularensis utammy* мен Еуропа елдерінде адамдарының

туляремиямен ауруына себеп болатын *Francisella tularensis holarctica* штаммының орталығында орналасқан *mediaasiatica* түршесінің штамдарымен жұмыс істейді. 1967 жылы Масғұт Айқымбайұлы медицина ғылымдарының докторы дәрежесі бойынша диссертация қорғады және сол материалдар негізінде туляремияға эпидемиологиялық бақылау жасайтын мамандардың арасында қазір де үлкен сұранысқа ие «Туляремия в Казахстане» атты монографиясы жарық көрді. М.А. Айқымбаев Қазақстанның 4 облысының шөлді аймақтарының өзен аңғарларындағы тоғайлы ошақ түрін толық сипаттаған болатын. 1987 ж. Республикадағы туляремияның табиғи ошақтарында м.ғ.к. О.Б. Чимировпен авторлық бірлестікте кейін Бреджи халықаралық классификаторына кірген 2 түр – *Francisella tularensis holarctica* Egu^s және Egu^r қарастырылған болатын. Масғұт Айқымбайұлы микробиология мен эпидемиологияның әртүрлі аспектілеріне де, туляремия жұқпалы ауруының иммунитетін алдын алуына да үлкен үлес қосты.

1962 жылы сәуір айында Масғұт Айқымбайұлы Айқымбаев КСРО ДМ ұсынысы бойынша Қазақ ССР Үкіметінің қаулысымен Ортаазиялық обаға қарсы ғылыми-зерттеу институтының директоры болып тағайындалды. Масғұт Айқымбайұлының басшылық етуі барысында Ортаазиялық обаға қарсы ғылыми-зерттеу институты материалды техникалық жағынан жоғары деңгейде жабдықталған және білікті ғылыми кадрлары бар ірі ғылыми-зерттеу мекемесіне айналды. 1962 жылы институтта 194 адам жұмыс істеді. 1979 жылы институттың 30 жылдық мерейтойы қарсаңында ОАОҚҒЗИ штатында 400 адам болды. 212 ғылым қызметкердің 72-сі медицина және биология ғылымдарының кандидаты, докторы ғылыми дәрежесінің иегерлері еді.

Масғұт Айқымбайұлының ғылыми қызметінің барлық кезеңіне ғылыми қызығушылығының кең ауқымды және алуан түрлі болуы тән. Ол институт қызметкерлерінің ғылыми зерттеулерінің маңызды бағыттарының бірі ретінде оба ауруының табиғи ошақтылығы мәселесін қарастыратын. Ғалымның басшылық жасауы және тікелей қатысуы барысында обаның табиғи ошақтарының кеңістіктік және биоценодикалық құрылымына қатысты басты мәселелер айқындалды; обаны эпидемиологиялық бақылау барысында қолданылатын эпизоотикалық үдерістің негізгі заңдылықтары анықталыны; аурудың алдын алу шаралар жүйесін дәлелді түрде жоспарлау үшін обаның табиғи ошақтарын эпизоотологиялық және эпидемиологиялық жіктеу жүзеге асырылды; далалық жағдайда обаның алдын алу стратегиясы ғылыми тұрғыда негізделінді, шұғыл түрде обаның алдын алуының ең тиімді әдісі – елді мекендердің маңайында далалық дезинсекция әдісін қолдану нәтижесінде қорғаныс аймақтарын құру тәжірибеге енгізілді; тексеру жұмыстарының мақсатты бағытталған және ғылыми негізделген жоспары нәтижесінде Қазақстан мен Тәжікстанда обаның жаңа энзоотикалық аумақтары айқындалыны.

Оба мен басқа да аса қауіпті және зоонозды жұқпалы инфекциялардың диагностикасын жүзеге асыру үшін институтта медициналық иммунобиологиялық препараттарды (МИБП) өндірудің қуатты базасы жасалды. Диагностикалық дәрілер КСРО бойынша 260 мекенжайларға жіберіліп, ал Бүкіләлемдік Денсаулық Ұйымы арқылы 20 мемлекетті

қамтамасыз етіп отырды. Олардың ішінде негізгі тапсырыс берушілер Азия, Африка, Латын Американың дамушы елдері болды. 1953 жылы институтта обаның ЕВ тірі вакцинасын өндіру ұйымдастырылды және ол осы уақытқа дейін Қазақстандағы адамдарға арналған вакцинацияны өндіретін жалғыз институт болып табылады.

Масғұт Айқымбайұлының қажырлы еңбегінің маңызды бір жағы – аса қауіпті инфекциялар бойынша ғылыми кадрлар мен мамандар дайындау. Институтқа басшылық еткен алғашқы жылдарда ол жастардың үлкен бір тобын Мәскеу мен Ленинград қалаларының жетекші биологиялық және медициналық институттарының аспирантурасына оқуға жіберді. Ортаазия обаға қарсы ғылыми-зерттеу институтында обаға қарсы станциялар мамандарын аспирантураның күндізгі және сырттай оқу бөлімдеріне қабылдау жүзеге асырылды.

ОАОҚҒЗИ Кеңес Одағының барлық республикаларынан келген аса қауіпті инфекциялармен жұмыс істейтін дәрігерлер мен биологтар білім алды. 1970 жылдан бастап Вьетнам, Монғолия, Бирма, Қытай, Куба, Лаос, Болгария, Индонезиядан келген мамандар – Бүкіләлемдік денсаулық сақтау ұйымының стипендианттары аса қауіпті инфекциялар бойынша даярлықтан өтті.

1965 жылы обаға қарсы институт негізінде әлемнің 15 елінен келген мамандар қатысқан обаға қарсы күрес туралы Бүкіләлемдік денсаулық сақтау ұйымының аймақаралық жылжымалы семинары өткізілді. 1967 ж. ОАОҚҒЗИ 11 мемлекеттен келген 17 маман және БДҰ 7 сарапшысы қатысқан Бүкіләлемдік денсаулық сақтау ұйымының (БДҰ) 2-ші аймақаралық жылжымалы семинары өткізілді. 1968 жылы мамыр айында БДҰ үшінші семинарына қатысушылар үшін обаның табиғи ошақтарында эпидемиологиялық бақылау мәселелеріне байланысты далалық тәжірибе ұйымдастырылды. Обаға қарсы институт негізінде Бүкіләлемдік денсаулық сақтау ұйымының (БДҰ) халықаралық орталығы жұмыс істеді.

М.А. Айқымбаев шетелдерге әдістемелік және тәжірибелік көмек көрсеткен ғалым. Ол 1959 жылы ҚХР жұмыс істегенобаға қарсы эпидемиялық отрядты басқарды; тәжірибе алмасу мақсатында Ирандағы Пастер институтында және ғылыми-техникалық ынтымақтастық бағытында МХР болды.

Масғұт Айқымбайұлы Қазақстан мен Орта Азия республикаларының аумағында аса қауіпті және карантинді инфекцияларға эпидемиологиялық бақылауды ұйымдастыру және оны іске асыруға үлкен үлес қосты. Институт Қазақстан мен Қырғыз Республикасының, Өзбекстан мен Тәжікстанның 11 аумақтық обаға қарсы станцияларына (ОҚС), КСРО Қатынас жолдар министрлігінің 4 ОҚС, КСРО ДМ ІІІ-ші басқармасының 3 ОҚС және Қазақстан мен Орта Азия облыстарындағы санитарлы-эпидемиологиялық қызметтің аса қауіпті инфекциялар бөлімдеріне әдістемелік-кеңес беру бағытында басшылық жасады.

Масғұт Айқымбайұлы оба, тырысқақ, туляремия және тағы басқа аса қауіпті инфекциялардың ошақтарын шектеу және жоюға бағытталған эпидемияға қарсы іс-шараларды ұйымдастыру мен жүзеге асыруға тікелей қатысқан. Тырысқақ ауруының 7-ші пандемиясының бастапқы кезеңінде КСРО ДМ бұйрығы бойынша институт негізінде

бір ай бойы автономды түрде жұмыс істеу үшін қажетті құрылғылармен, материалдармен жабдықталған арнайы эпидемияға қарсы бригадалар (АЭҚБ) құрылды. 1970-1972 жылдары штатында 27 адам бар институттың АЭҚБ-лары КСРО ДМ бұйырығымен Гурьев қаласына (қазіргі Атырау), Молдова КСР Тирасполь, Кишинев қалаларына, Астрахань, Волгоград қалаларына (РКФСР) және Тәжікстанға жіберілді. Өзбек КСР Ферғана алқабында, Қырғыз КСР Ош облысында орын алған әлеуметтік тұрақсыздықтар кезінде институттың АЭҚБ-лары эпидемияға қарсы қажетті және алдын алу іс-шараларын жүзеге асыра отырып, іс жүзінде аудандық санэпидстанциялардың функцияларын атқарды. АЭҚБ-ның ұтқырлығы мен жылдам жұмыс істеуін, яғни жиналуға, ұшып бару мен арнайы эпидемияға қарсы бригаданың жұмысқа кірісуіне даяр болуына небәрі 10-12 сағат кетуін, ерекше айтып өту керек.

М.А. Айқымбаев жауынгерлік және еңбек қызметі үшін Қызыл Жұлдыз Орденімен, Отан соғысының 1-ші дәрежелі орденімен, «Құрмет белгісі» орденімен, ҚазақКСР Үкіметінің, Қазақстан мен КСРО ДМ медальдары және мақтау грамоталарымен марапатталған. Монғолияның Денсаулық сақтау министрлігі Масғұт Айқымбайұлына «МХР еңбек сіңірген дәрігері» деген атақ берген. Бүгінгі таңда көрнекті ғалым, ғылым мен тәжірибені ұйымдастырушы, тартымды да мейрімді адам, тағылымды тәлімгердің есімі институт атауында мәңгілік сақталған. Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2001 жылғы 2 мамырдағы №582 қаулысы негізінде институтқа «М.

Айқымбаев атындағы Қазақ ұлттық карантиндік және зооноздық инфекция орталығы» республикалық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны атауы берілген болатын.

Медицина ғылымдарының докторы, профессор М.А. Айқымбаев табиғи-осақты инфекциялар саласында аса көрнекті зерттеуші, педагог, ғылым мен денсаулық сақтауды ұйымдастырушы, жан жақты және терең білімді адам болған. Ол әрдайым бар жанын салып еңбек еткен, уақыт сынағына бой алдырмаған керемет ғылыми, өндірістік, оқу базасын қалыптастырған. Ол атақты да қарапайым, кішіпейіл, сыпайы, адам еді. Масғұт Айқымбаевтың обаға қарсы институты, Орта Азия мен Қазақстандағы обаға қарсы қызметті дамытуға бағытталған жемісті еңбегі әріптестері мен шәкірттерінің көптеген жылдар бойғы қызметтерін алдын ала айқындап кетті.

1987 жылы Ортаазиялық обаға қарсы ғылыми-зерттеу институтының директоры, профессор Айқымбаев Масғұт Айқымбайұлы құрметті демалысқа шықты. М.А. Айқымбаевтың 25-жыл бойы (1962-1987 жж.) институтқа басшылық етуі ғылым ордасының кейінгі қызметінде өз таңбасын қалдырды. Профессор М.А. Айқымбаев ғылым мен денсаулық сақтау саласындағы еңбегі әлі де ұзақ жылдар бойы Қазақстанның игілігіне қызмет етеді деп нық сеніммен айтуға болады.

С.А. Әубәкіров, Б.Б. Атишбар, Е.Б. Сансызбаев және Масғұт Айқымбаев атындағы Қазақ карантиндік және зооноздық жұқпалы аурулар ғылыми орталығы ұжымы, Алматы қ.